





**«АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**



«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамының Басқарма Төрағасы-
Ректорының
«10 » желточесек 2021 жылы
№ 04-04/378 бүйрүгымен
бекітілген

**«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» коммерциялық
емес акционерлік қоғамының 2022 жылға ариалған қызытушылар мен
қызметкерлердің ғылыми-зерттеу жобаларын гранттық қаржыландыруға
арналған конкурстық күжаттама**

Кошірме	Код	Басылым	Әзірлеген	Келісілген
	Е ҚазҰПУ	бірінші	Әбдіғапбарова Ү.М.	Бектемесов М.А. 
				Кұлсариеva A.T. 
				Бөрібаев Е.Ә. 
				Исақова К.Т. 
				Құсанинов Е.Б. 
				Зұлқарнай F. 

КӨШІРМЕСІ ДҮРІС
Абай атындағы ҚазҰПУ
Құжатпен қамтамасыз ету
және бақылау бөлімі

Алматы, 2021

«Абай атындағы Қазақ
ұлттық педагогикалық университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамының
Басқарма Төрағасы - Ректорының
«20» наурыз 2021 жылы
№ 0704/378 бүйрүғымен
бекітілген

**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» коммерциялық
емес акционерлік қоғамының 2022 жылға ариалған оқытушылар мен
қызметкерлердің ғылыми-зерттеу жобаларын гранттық қаржыландыруға
арналған конкурстық құжаттама**

1. Жалпы ереже

1. Конкурс «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Абай атындағы ҚазҰПУ) оқытушылары мен қызметкерлерінің, оның ішінде ғылыми-инновациялық паркке (ФЗЖ) кіретін ғылыми орталықтар мен зертханалар қызметкерлерінің ғылыми-зерттеу жобаларын 2022 жылға гранттық қаржыландыру бойынша өткізіледі.

2. Байқаудың мақсаты – Абай атындағы ҚазҰПУ-дың 2025 жылға дейінгі Даму стратегиясына сәйкес педагогикалық зерттеу университетінің деңгейіне жету үшін корпоративті ғылымның перспективалық ғылыми бағыттары мен кластерлерін анықтау.

3. Байқаудың ұйымдастырушысы және тапсырыс берушісі – Абай атындағы ҚазҰПУ.

4. 2022 жылға гранттық қаржыландыру бойынша педагогикалық бағыттағы жобаларға басымдық беріледі. Конкурсқа егер ғылыми-зерттеу жобалары білім беру саласындағы инновациялық әзірлемелерге (оқыту, цифrlандыру, медиапедагогика, тәрбие және т.б. әдістемелер) бағытталса, педагогика, сондай-ақ жаратылыстану және әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар саласындағы оқытушылар мен қызметкерлер қатыса алады

2. Грантқа үміткерлерге қойылатын біліктілік талаптары

5. Өтініш беруші Абай атындағы ҚазҰПУ оқытушысы немесе қызметкери болуы және келесі минималды талаптарға сай болуы керек:

ғылым кандидаты немесе PhD дәрежесі болуы керек;

соңғы үш жылда Web of Science деректер базасында Science Citation Index Expanded индекстелетін рецензияланатын ғылыми басылымда және (немесе) нөлдік емес импакт-факторы бар Scopus базасында CiteScore бойынша рецензияланатын ғылыми басылымда кемінде бір мақала немесе шолу болуы тиіс;

немесе соңғы үш жылда КР БФМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті (бұдан әрі – КОКСОН) ұсынған ғылыми басылымда кемінде бес мақала немесе бірінші автор ретінде кемінде екі мақала болуы тиіс.

3. Конкурстың шарттары және қатысу үшін қажетті құжаттар

6. Конкурсқа қатысу үшін үміткерлер 1-қосымшаға сәйкес өтінім ұсынады. Конкурстық өтінімдерді қабылдаудың басталу күні – 20.12.2021 жыл, өтінімдерді қабылдаудың аяқталу күні – 20.01.2021 жыл. Грант алған жағдайда жұмыстың басталу күні – 20.01.2022 жыл, жұмыстың аяқталу күні – 31.12.2022 жыл.

7. Грантты іске асыру жекеде, зерттеу тобының құрамында да жүзеге асырылуы мүмкін.

8. Гранттық қаржыландыру шенберінде бөлінген қаражат өтінімде көрсетілген мақсаттарға бағытталуы тиіс.

4. Конкурсқа қатысуға өтінімнің нысаны мен мазмұнына қойылатын талаптар

9. Конкурсқа қатысуға өтінім Қосымшаға сәйкес жасалады. Ілеспе хат мемлекеттік немесе орыс тілдерінде, өтінім және сұратылатын қаржыландыру есебі мемлекеттік немесе орыс тілдерінде жасалады.

10. Өтінімдер академиялық және зерттеу этикасының қағидалары мен нормаларына сәйкес келуі тиіс.

11. Ілеспе хат пен өтінімде грантты іске асыру мерзімі – 12 ай (күнтізбелік жоспарда жұмыстарды орындаудың басталуы – 2022 жылғы қантар) туралы ақпарат қамтылуға тиіс.

12. Грантты іске асыру үшін қажетті сұратылатын қаржыландыру сомасы – 2022 жылға үш миллион теңгеден аспайды. Зерттеудің күтілетін нәтижелері сұратылып отырған қаржыландыру көлеміне сәйкес болуы тиіс.

13. Жетекшіні қоса алғанда, грант бойынша зерттеу тобының барлық мүшелерінің еңбегіне ақы төлеудің жалпы қоры жобаны іске асырудың бүкіл кезеңі үшін (салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдерді қоса алғанда) сұратылып отырған қаржыландырудың жалпы көлемінің жетпіс пайызынан аспауы тиіс.

14. Бөгде ұйымдардың қызметтеріне арналған шығыстар жобаны іске асырудың бүкіл кезеңі үшін сұратылып отырған қаржыландырудың жалпы көлемінің жиынтығында отыз пайызынан аспауы тиіс.

5. Конкурсқа өтінім беру процесі

15. Өтінім беруші Абай атындағы ҚазҰПУ Ғылым департаментіне конкурсқа өтінімді қағазға шығарылған және электрондық тасығыштарда береді, өтінімдер қағаз және электрондық нұсқада мемлекеттік не орыс тілдерінде беріледі. Өтінім

мәтінінің мазмұны қағаз және электрондық түрде бірдей болуы тиіс. Қағазға шығарылғаны брошюра ретінде тігіледі, соңғы бетте парақтар саны көрсетіле отырып, қорытынды жазба жасалады.

16. Өтінімдер өтініш берушіге түзетілу үшін мынадай жағдайларда жіберіледі:

- 1) өтінімді рәсімдеудің конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келмеуі және талап етілетін құжаттардың ұсынылмауы;
- 2) плағиат деректердің болуы;
- 3) үміткердің конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келмеуі;
- 4) күтілетін нәтижелердің конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келмеуі.

17. Өтінім беруші ұйымдастырушы өтінімді түзетуге жіберген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде түзетілген өтінімді жібереді.

18. Ескертулер жойылмаған жағдайда өтінімдер өтініш берушіге қайтарылады.

6. Күтілетін нәтижелерге қойылатын талаптар

19. Грантты іске асыру қорытындылары бойынша мынадай ең минималды міндетті нәтижелер алынуға тиіс:

Web of Science дерекқорының Science CitationIndex Expanded-те индекстелетін және (немесе) Scopus базасында CiteScore бойынша кемінде жиырма бес процентилі бар жобаның ғылыми бағыты бойынша рецензияланатын ғылыми басылымда кемінде 1 шолу немесе (бір)мақала жариялануы тиіс;

БFCCК ұсынған басылымда кемінде бір мақала жариялануы тиіс.

20. Қосымша нәтижелер патент немесе мұрағат құжаттарының жинағы, хрестоматия, сөздік, окулық, оку құралы, әдістемелік ұсыныстар болуы мүмкін.

21. Жоба барысында алынған зерттеу нәтижелерін жариялау кезінде авторлар міндетті түрде жобаның тапсырыс берушісіне алғыс білдіруі тиіс, яғни алынған грантқа жоба бойынша шарттың нөмірі мен күнін және қаржыландыру көзін (Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті) көрсете отырып сілтеме жасауы тиіс. *Aғылышын тілді жарияланымдардағы қаржыландыру туралы мәтін келесідей болуы керек: «This research has been/was/is funded by the Abai University (ContractNo.... dated, 2022)». BFCCК ұсынған журналдарда, ағылышын тіліндегі мәтіннен басқа, алынған грантқа қазақ және орыс тілдерінде сілтеме болуы тиіс:*

қазақ тілінде: «*Зерттеу Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетімен қаржыланырылды (қаржыланырылып жатыр) (2022 жыл № ... шарт)*»;

орыс тілінде: «*Исследование финансировалось(финансируется) Казахским национальным педагогическим университетом имени Абая (договор №... от..... 2022 года.)*».

22. Ғылымды дәріптеу, грант нәтижелері туралы ақпаратты тарату үшін грант алушы Абай атындағы ҚазҰПУ веб-сайтында грант туралы қысқаша ақпаратты орналастыруы тиіс: өзектілігі, мақсаты, күтілетін және қол жеткізілген нәтижелері, зерттеу тобы мүшелерінің аты-жөні және олардың сәйкестендіргіштері (Scopus Author ID, Researcher ID, ORCID, егер бар болса) және тиісті бейіндерге

сілтемелер, жарияланымдар тізімі (оларға сілтемелер) және патенттер; әлеуетті пайдаланушыларға арналған ақпарат. Веб-параптағы (немесе сайттағы) ақпарат үнемі жаңартылып тұруы тиіс (жылына кемінде екі рет). Жоба шенберіндегі әрбір ғылыми жарияланым бойынша Абай атындағы ҚазҰПУ сайтында және әлеуметтік желілерде және (немесе) бұкарадық ақпарат құралдарында оның мазмұны мен ықтимал қолданылуы туралы ақпарат жариялануы тиіс.

23. Грантты іске асыру нәтижелері туралы мәліметтер Ғылым департаментіне көпшілік тындаудынан кейін 2022 жылғы 25 желтоқсаннан кешіктірілмей ұсынылады.

7. Жобаны қаржыландыру

24. Гранттық қаржыландыру қаражатын жоба жетекшісі бөледі.

25. Өтінімнің мақсаттарына, міндеттеріне және күтілетін нәтижелеріне қол жеткізу үшін гранттық қаржыландыру қаражаты шығыстардың мынадай түрлеріне бағытталуы тиіс:

- 1) енбекақы төлеу;
- 2) қызметтік іссапарлар;
- 3) ғылыми-ұйымдастырушылық сүйемелдеу, өзге де қызметтер мен жұмыстар.

26. Грант қаражатын ұйымдастыру техникасын, жабдықтарды сатып алуға, шетелдік журналдарда жарияланымдарды орналастыру бойынша делдалдар қызметіне жоспарлауға және пайдалануға жол берілмейді.

27. Шығыстардың түрлері Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 мамырдағы №575 қаулысымен бекітілген және Үлттық ғылыми кеңестің шешімімен бекітілген ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті базалық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру, сондай-ақ ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті гранттық қаржыландыру және ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру қафидаларына сәйкес жоспарланады.

28. Гранттық қаржыландыру қаражатын тиімсіз және негіzsіз пайдалану жоба жетекшісінің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жауапкершілігіне жүктеледі.

29. Конкурс жеңімпаздарымен Абай атындағы ҚазҰПУ гранттық қаржыландыру бойынша ғылыми-зерттеу жобаларын іске асыруға шарт жасалады. Шартта көрсетілген грантты іске асырудан күтіletіn нәтижелер күнтізбелік жоспарға және өтінімде көрсетілген күтіletіn нәтижелерге сәйкес келуі және грантты іске асыру қорытындылары бойынша күтіletіn нәтижелерге осы конкурстық құжаттаманың 19-тармағының талаптарынан төмен болмауы тиіс.

30. Жоба жетекшісі заңнамада белгіленген тәртіппен жоба бойынша есепке алу мен есептілікті жүргізуі қамтамасыз етеді.

31. Конкурстық құжаттаманың 19-тармағында көрсетілген грант нәтижелеріне қол жеткізілмеген жағдайда, Абай атындағы ҚазҰПУ Ғылыми-консультативтік кеңесінің шешімі бойынша грант алушы нәтижелерге қол жеткізілгенге дейін, бірақ

үш жылдан аспайтын уақытқа Абай атындағы ҚазҰПУ жариялайтын келесі конкурстарға қатысадан шеттетіледі. Ғылыми этиканы бұзу (плагиат және жалған тен авторлық, қайталу, бөтен деректерді беру, ғылыми деректерді қолдан жасау және бұрмалау т.б.) не грант бойынша қорытынды есепті макұлдамау деректері анықталған жағдайда, Абай атындағы ҚазҰПУ Ғылыми-консультативтік кеңесінің шешімімен жетекші Абай атындағы ҚазҰПУ жариялайтын келесі конкурстарға қатысадан үш жылға шеттетіледі.

8. Грантты орындау шарттары

32. Грантты жеңіп алған жетекшілер конкурс нәтижелері жарияланғаннан кейін 10 күн ішінде келесі құжаттарды рәсімдеуге міндетті:

Абай атындағы ҚазҰПУ гранттық қаржыландыру бойынша ғылыми-зерттеу жобаларын жүзеге асыру шарты;

шығындар сметасы;

калькуляция;

күнтізбелік жоспары;

штаттық кесте;

штаттық кестеге сәйкес өтініш;

еңбек келісімдері.

33. Жоба жетекшілері конкурс нәтижелері жарияланғаннан кейін он күн ішінде MFTC ҮО АҚ-да тіркеу картасын рәсімдеп, көшірмесін Ғылым департаментіне тапсыруға міндетті. Гранттық қаржыландыру мерзімі аяқталғаннан кейін (2022 жылдың 25 желтоқсанына дейін) жоба жетекшілері акпараттық карта мен MFTC ҮО АҚ есебін рәсімдеп, көшірмесін Ғылым департаментіне тапсыруға міндетті.

34. Жоба жетекшісі Қаржы-экономикалық департаментіне және университеттің Ғылым департаментіне әр жартыжылдықта орындалған жұмыстар актісін ұсынуға міндетті; бөлінген гранттар күнтізбелік жоспардың орындалуы мен grant қаражатының игерілуі жылына екі рет мониторингілеуге жатады. Грант мониторингінен жалтарған және (немесе) растайтын құжаттар ұсынылмаған жағдайда қаржыландыруды тоқтату туралы ұсыным енгізіледі.

35. Жоба жетекшісі Ғылым департаментіне акпараттық картаны, ғылыми-зерттеу жобасы бойынша қорытынды есепті, Web of Science дерекқорында индекстелетін немесе Scopus дерекқорында Citescore бойынша кемінде жиырма бес процентилі бар; БФССҚҚ ұсынған басылымдарда; патенттердің, енгізу актілерінің, окулықтардың және т.б. көшірмелерін 2022 жылғы 25 желтоқсанға дейінгі мерзімде ұсынуға міндетті.

9. Өтінімді рәсімдеуге қойылатын талаптар

36. Өтінімді рәсімдеу үшін қажетті құжаттар тізбесі (1-2 Қосымшадағы рәсімдеу мысалдарын қараңыз):

1) 1-бетте ілеспе хат (1-қосымша);

2) Конкурсқа қатысуға өтінім (2-қосымша);

37. Өтінімнің мазмұны келесі бөлімдерді қамтуы тиіс:

андатпа;

жобаны жоспарлау және басқару;

зерттеу тобы;

күтілетін нәтижелер;

ғылыми жетекшінің және жобаны орындаушылардың негізгі жарияланымдарының тізімі;

патенттер, енгізу актілері және т.б. туралы мәліметтер.

38. Өтінім қағаз және электрондық тасығыштарда жоба жетекшісінің қолымен расталып, қағаз папкаға салынып, Алматы қаласы, Қазыбек би көшесі, 30, 203 А каб. мекенжайына бір данада тапсырылады.

39. Өтінімнің, ілеспе хаттың және қысқаша сипаттаманың мәтіні төмендегі параметрлерді («Microsoft Word» мәтіндік редакторын қолдану арқылы) ескере отырып, нақты тұжырымдалып, бірыңғай қаріппен басылуы тиіс:

бет жиектері: сол жағы – 2,5 см, оң жағы – 1,5 см, жоғарғы және төменгі жағы – 2 см;

каріп –«Times New Roman», мөлшері – №14 (косымшаларда кіші өлшем, бірақ кемінде №12 мөлшерлі қаріп пайдаланылуы мүмкін);

жоларалық интервал – 1,0;

абзацтық шегініс (бірінші жолдың шегінісі) – 1,25 см;

тақырып пен мәтін, мәтін мен қолтақба арасындағы интервал – 1;

өтінімнің және оған қосымшалардың беттері нөмірленуі тиіс;

өтінімнің көлемі A4 форматындағы он беттен аспауы тиіс.

Ілеспе хат
(ұміткердің қолы қойылған)

Конкурстың атауы.

Грант тақырыбының атауы.

Фылыми-техникалық ақпараттың Мемлекетаралық рубрикаторының коды
(ХFTCO) (xx.xx.xx; xx.xx.xx;...).

2022 жылға сүраташының каржыландыру сомасы, мың теңгемен.

Гранттың басталуы мен аяқталуының болжамды күндері.

Жоба жетекшісінің дербес деректері (тегі, аты, әкесінің аты, жұмыс орны, тұрғылықты мекен-жайы, ЖСН, байланыс деректері (телефоны, e-mail) және ол қатысатын басқа жобалар туралы мәліметтер.

Өтініш берушінің
Т.А.Ә. _____ колы _____

**Ілеспе хат A4 форматындағы бір беттен аспауды тиіс*

**Гранттық қаржыландыру конкурсына катысуга
Өтінім**

Өтінім қысқа жазылады және мынадай бөліктерден тұрады:

1. Андаттау

Аннотацияда жобаның мақсаты мен міндеттерінің, оны шешуге бағытталған мәселелердің, күтілетін нәтижелердің негізгі тәсілдерінің, зерттеу әдістерінің және этикалық мәселелердің қысқаша сипаттамасы қамтылады.

2. Грантты жоспарлау және басқару

Бөлім келесі ақпаратты қамтиды:

- 1) Жобаның кезеңдерін, қойылған міндеттерді, олардың маңыздылығын негіздеуді қамтитын жұмыстардың күнтізбелік жоспары

Үлгі

Күнтізбелік жоспар

Жобаның міндеттерін іске асыру жөніндегі міндеттердің, іс-шаралардың атауы	Жобаны іске асыру айлары, жобаны іске асырудан күтілетін нәтижелер (міндеттер мен іс-шаралар бөлінісінде)	
	қантар– мамыр 2022 жыл.	маусым 2022 жыл. – желтоқсан 2022 жыл.
Міндеттер атауы	күтілетін нәтижелер	
Іс-шара атауы	күтілетін нәтижелер	
Міндеттер атауы		күтілетін нәтижелер
Іс-шара атауы		күтілетін нәтижелер

2) Шығыстар сметасы (мың теңгемен), шығыс баптарының міндетті толық жазылуымен

Жобаны іске асыру жөніндегі шығыстар баптарына төмендегілер енгізілуі мүмкін:

еңбекке ақы төлеу, барлық салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді есептеуді қоса алғанда;

қызметтік іссапарлар, зерттеулер жүргізуге байланысты барлық шығыстар көрсетілетін Қазақстан Республикасының шегіндегі және одан тыс жерлердегі іссапарлар. Іссапарлар бойынша шығыстар «Бюджет қаражаты есебінен қызметтік

іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қагидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қыркүйектегі №1428 қаулысына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 11 мамырдағы №256 Қаулысына сәйкес келуі тиіс;

ғылыми-ұйымдастыруышылық сүйемелдеу, өзге де қызметтер мен жұмыстар, орындаушы кәсіпкерлік субъектілерінен сатып алатын, зерттеулерді орындау үшін қажетті, оның ішінде конференцияларға қатысу үшін ұйымдастыруышылық журналар, зерттеудің ғылыми нәтижелерін патенттеуге, зерттеу нәтижелерін жариялауга арналған қызметтер. Барлық сатып алынатын жұмыстар мен қызметтер бойынша кемінде бір баға ұсынысыжәне (немесе) прайс-парақ коса берілсін. Егер жобаны іске асыруға қатысатын шетелдік ғалымдар және басқа ұйымдардың қызметкерлері зерттеу тобының мүшелері болып табылған жағдайда, олардың қатысуына арналған шығыстар «Еңбекке ақы төлеу» бөлімінде көрсетіледі.

Университеттің меншікті қаражатынан гранттық қаржыландыру жөніндегі жобаларды іске асыру шенберінде құрылған жарияланымдардың авторлары сатып алуды, оның ішінде мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәртібіне қойылатын талаптарды белгілейтін Қазақстан Республикасының заңнамасы қолданылады.

Үлгі

Сұратылған сома бойынша шығыстардың жиынтық сметалық есебі

Шығыс балтарының атауы	2022 жылға шығындар, мың теңгемен
Еңбекке ақы төлеу	
Қызметтік іссапарлар	
Ғылыми-ұйымдастыруышылық сүйемелдеу, өзге де қызметтер мен жұмыстар	
Барлығы	

3. Зерттеу тобы:

зерттеу тобының құрамына, олардың ұстанымдарына, біліктілігіне және грант бойынша жұмыс бағыттарына сипаттама беріледі.

4. Күтілетін нәтижелер

1) Science CitationIndex Expanded Web of Science базасында индекстелетін және (немесе) Scopus базасында CiteScore бойынша кемінде жиырма бес) роцентилі бар басылымдарда; BFCCSK ұсынған басылымдарда жарияланымдарды жүзеге асыру.

2) патенттеу, басқа қорғау құжаттарын алу мүмкіндіктері;

3) алынған ғылыми нәтижелердің қолданылуы және / немесе коммерцияландырылуы – МС 7.32-2001 және МС 7.1-2003 мемлекетаралық стандарттарына сәйкес жасалады.

6. Отініш берушінің патенттері, енгізу актілері және т.б. туралы мәліметтер

7. Қосымшалар.